

Жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыссыздарға жәрдемдесу

Мемлекеттік орган	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"; 2) "электрондық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы; 3) көрсетілетін қызметті беруші.
Қызметті көрсету мерзімдері	1 (бір) жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға, көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут. Көрсетілетін қызметті берушіде, Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	1. Мемлекеттік корпорацияға және көрсетілетін қызметті берушіге: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); 3) еңбек қызметін растайтын құжат (бар болса); 4) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің болуы немесе кәсіптік дайындығы туралы құжат (бар болса). 2. Ізденуші "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес электрондық нысанда жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу үшін мәліметтер нысанын толтырады. Порталда өтінімді қабылдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.
Қызмет көрсету нәтижесі	Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу туралы анықтама немесе осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жұмыссыз ретінде тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін ұсыну

нысаны: электрондық және (немесе) қағаздық.

**Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020748>